Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №80 «Ботақан» балабақшасы МКҚК

**Кезектен тыс педагогикалық кенесінің**
**2 ХАТТАМАСЫ**

**Өткізу күні:** 12.01.2022ж.
**Қатысқандар:** 16 педагог
**Қамқоршылық кеңес төрайымы:** Әкімбек Динара Ержановна – ата-ана
**1**. Сараптама комиссиясының қорытынды шешімімен барлық қатысушыларды таныстыру.

2. Сараптама комиссиясының қорытынды нәтижесінің шешімі бойынша ұсыныстарды қабылдау.

**Тыңдалды:**
Сөзді балабақша меңгерушісі Жанар Сейткалиқызы алды. Ол өз сөзінде , 11 қарашада балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен обьектілері назарға алына отырып, өзін-өзі бағалауын кемінде бес қызметкерінен тұратын комиссиямен құрылып, жұмыс жасалынғанын айтты. Комиссия білім беру ұйымына бағалау жүргізіп, балабақшаның білім беру қызметтерін ұсынуын, балабақша тәрбиеленушілерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес білім, білік, дағды көлемін игеру жұмысын талдау бойынша ата-аналар тарапынан алынған сауалнамаға сүйене отырып, қорытынды нәтижесімен таныстырды. Сонымен қатар, атап айтса комиссия мүшелері:

- білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС және ҮОЖ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың талаптарына сәйкес келуін бақылады (ҚР БҒМ 20.12.2012 ж. № 557 бұйрығы)
- Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуы;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның құрылуы;
- МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы;
- Баланың дамуын бақылауды қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқу нәтижелерінің болуының қадағалануы;
- Тәрбиеленушілердің дамуына мониторинг жүргізуді қадағалау;
- Тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің бар болуын және талдауын (қорытынды) жас кезеңіне сәйкес қадағалануы;

жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес меңгеруін анықтап қорытындылады деді.

Меңгеруші балабақшаның өзін-өзі бағалау қорытындыларымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстырып өтті (есеп қосымша берілген).

Қамқоршылық кеңес мүшелері өзіндік баға беру қорытындысын және балабақшаның өзіндік баға беру бағасын бір ауыздан қабылдады.

**Шешімі:**

Материалдарды дайындап, Нұр-Сұлтан қаласының Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бағалау бөліміне мерзімге сәйкес тапсырылуын ұсынылсын.

**Төрайымы:** **Ж.С.Дюсенова**

**Хатшы:** **Ж.К. Конакбаева**